

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: karenov\_r@inbox.ru)*

### **Алашорда үкіметінің Батыс бөлігі жетекшілерінің бірі, көрнекті қоғам қайраткері Жаһанша Досмұхамедов**

Белгілі саяси қайраткер Жаһанша Досмұхамедовтің өмірбаянының деректері бейнеленген. Оның жиырмасыншы ғасырдың басында қазақ зиялы қауымының жарқын өкілі болғандығына көңіл бөлінген. Алаш қозғалысы және оның ішінде Ж.Досмұхамедов айрықша орын алатын көрнекті өкілдерінің қызметі Қазақстан тарихында елеулі із қалдырғандығы туралы айтылған. Қазақстанның Батысында «Алаш» қозғалысын басқарған Досмұхамедұлы қазақ қоғамының ең алдыңғы қатарлы бөлігінің көшбасшысы болғандығы дәлелденген. «Алаш» қозғалысы шеңберіндегі Ж.Досмұхамедұлының қызметі қазақ халқы тарихындағы елеулі қоғамдық-саяси құбылыс болғандығы туралы қорытынды жасалған.

*Кілтті сөздер:* Алашорда, қайраткер, заңгер, Батыс бөлімі, саяси күрес, үкімет, қуғын-сүргін, ақталу, құжат.

#### *Кіріспе*

Халқымызда «өшкені жанып, өлгені тірілді» дейтін қанатты сөз бар. Жетпіс жылдан астам уақыт аттарын атауға тыйым салынып, еңбектерін архивтің шаң басқан сөрелерінен шығартпай қойған солақай саясаттың заманы өтіп, бүгінгі тәуелсіздік тұсында Алаш арыстарының рухы халықпен қайта қауышты. Бүгінде Алаш қайраткерлерінің қайсыбірінің аты аталса да, өткен ғасырдағы зиялылардың тағылымды істері кісіні еріксіз толғандыратыны бар.

Қазақтың Ресей патшалығы құрсауынан босаған шақтағы өз жолын іздеу үдерісіне атсалысқан тұлғалар шоғыры қомақты. Солардың бірі — Батыс Алашорданы құруға белсене атсалысқан, Ресей империясы округінің орынбасар-прокуроры дәрежесіне дейін көтерілген, юстиция (әділет) генералы мәртебесіне жеткен Жаһанша (Жаһанша) Досмұхамедов.

Өкінішке орай, Алашорданың Батыс бөлімі туралы зерттеулер әзірге аз. Алашорда үкіметі, соның ішінде оның Батыс бөлімі жайында құнды мәлімет беретін еңбектің бірі «Жизнь национальностей» деп аталған газеттің 1921 жылғы 3 қарашадағы № 20 (118) нөмірінде Тер-Погос Асетисовтың мақаласы жарияланған. Автор қазақ зиялы қауымының қалыптасу эволюциясына тоқтала келе: «1918–1920 жж. «Алашорда» атты ұлттық мемлекет құрылып, кейін оның екіге бөліну себебі бірін-бірі түсінбеушіліктен емес, қазақ жерінің кеңдігінен болды», — дейді. Осы еңбекте Батыс Алашорда алғашқы күннен-ақ Орал мен Орынбор казактарымен, башқұрттарымен бірігіп, Кеңес үкіметіне қарсы және елде мобилизация жариялап, әскер құрғаны жайлы мәліметтер берді [1; 16].

Тоталитарлық жүйенің толық орнауы отандық тарихнамада 1930 жылдардың ортасынан 1980 жылдардың соңына дейін Алаш қозғалысы туралы зерттеулер жүргізуге мүмкіндіктер бермеді. Сондықтан да кейінгі жылдары ел тарихындағы ақтаңдақ беттердің бірі және бірегейі саналатын Алашорда үкіметінің Батыс бөлігін басқарған ұлт қайраткері Жаһанша Досмұхамедовтің есімін ұрпақ жадында қалдыру мақсатында Оралда Жаһанша Досмұхамедов атындағы «Қайраткер» қоғамдық қоры құрылды. Қала орталығынан қайраткерге көше атауы берілсе, Оралдағы педагогикалық колледжге Жаһанша Досмұхамедовтің есімі берілді.

2012 жылы Астанадағы Күләш Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театрында Алашорда көсемдерінің бірі Жаһанша Досмұхамедовтің 125 жылдық мерейтойы аталып өтті. Салтанатты кешке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі Дархан Мыңбай қатысып, сөз сөйледі. Министр өткен ғасырдың басында ұлт мұратына қызмет еткен Алаш қайраткерлерінің ел тарихындағы еңбегі мен олардың өскелең ұрпаққа берген тағылымы жайында айтып өтті.

Ол Алаш қайраткері Жаһанша Досмұхамедов қазақ халқының оқу-білімге ұмтылуына жол ашып, білім алып жатқан қазақ балаларына стипендия бергізіп, қазақ тіліндегі оқу құралдарының көптеп шығуына үлес қосқанын, тәуелді болудан құтылудың төте жолы оқу екенін жақсы түсінгенін және өз халқының алдыңғы қатарлы дамыған ұлттар тәрізді білімге ұмтылғанын, қалағанын тілге тиек етті. Қазақ сахарасындағы ең құнды құжат Тәуке ханның «Жеті жарғысын» қазақтың тұңғыш заңдар жинағы

ретінде көрсетіп, түркі жұртшылығына дәлелдей білгенін де атады. Шешендігі жайында сөз еткенде, оның шын мәнінде алғыр ойлы болғанына тоқталды: «Жаһанша Досмұхамедов саясаткер ретінде Алашорданың Батыс бөлігін басқарып, қазақ сахарасында орныққан саяси және экономикалық ахуалды реттеп отыруға күш-жігерін салды. «Алаштың бірігуіне, Батыс өңіріндегі Алаш жұртын сақтап қалуға, дамытуға үлкен еңбек сіңірді. Орта Азияда, Қазақстанда түпкілікті ұлттар мен этностардың мекендейтінін ескере отырып, осы халықтарды бір-бірімен өзара біріктіру саясатын қолдады. Алаш арысы мемлекет құру үшін ең әуелі мемлекеттік аппарат қалыптастырудың маңызды екеніне баса назар аударды. Ол бұл жөнінде «мемлекеттік билік әзірге үстемдік құрған кезде қазақ халқы өзін сақтап қалу үшін мемлекеттік аппаратқа қол жеткізуі тиіс» деген ұстанымын жұртшылыққа жария етіп, сол аппараттың қалыптасуына үлкен еңбек етті», — деді министр [2].

Мерекелік жиында Жаһанша Досмұхамедовтің дербес мемлекет құрудағы сіңірген еңбегі, 1918 жылы мамырда «Ойыл уәлаяты» деп аталатын тұңғыш аймақтық автономияны жариялағаны, Үкімет төрағасына сайланып, Премьер-Министр және Әскери істері министрі қызметтерінде болғаны аталып өтілді.

#### *Алаш қайраткерінің өмірбаянына қатысты жүргізілген зерттеулер*

Бүкіл саналы ғұмырын ұлтының азаттығы жолына бағыштаған Жаһаншаның әкесі Досмұхамед Жайық өңіріне аты мәлім, дәулетті, көзі ашық, көшелі кісі болыпты. Ал анасы Рабиға атақты Сырым батырдың елінен шыққан көрегенді, ағайынға қолы ашық, қайырымды жан екен. Жаншаның асқан шешендігі осы нағашы жұртынан жұққан болуы мүмкін. Осындай әулетте дүниеге келген Ж.Досмұхамедұлы жастайынан зерек, алғыр болып өсті. Оның өмірбаянына қатысты соңғы жылдары жүргізілген кейбір зерттеулерге көңіл бөлген жөн.

Ұлттық энциклопедияның үшінші томында мынадай деректер келтірілген: «Досмұхамедов Жанша (Жаһанша) (1886, қазіргі Батыс Қазақстан облысы, 1932) — Алаш қозғалысының қайраткері, заңгер, 1912 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітіріп, Томск округтік сотында 1917 жылдың ақпанына дейін қызмет істеді» [3; 277].

М.Ескендірұлының «Алаш Орда» министрлері» атты кітабында мынадай мәліметтерді оқуға болады: «Ол 1887 жылы Орал облысы, Орал уезі, Жымпиты болысының № 1 ауылында дүниеге келген.

1899 жылы тамыз айында Орал әскери-реалдық училищесіне түсіп, онда 1905 жылы 31 мамырға шейін толық курсы оқып бітіріп, сол жылғы 27 қарашада № 991 аттестатпен 1906 жылы тамыз айында, Орал облысының стипендиаты ретінде Мәскеу университетінің заң факультетіне түсіп, оны № 175 бітіру куәлігімен 1910 жылы 4 наурызда бітіріп шыққан. Осы жерде айта кететін бір нәрсе, энциклопедиялар мен әдебиеттерде Жаншаның «туған жылын және жоғары оқу орнында оқыған жері Санкт-Петербург университетін 1912 жылы бітірген» деп қате көрсетілген. Ол ауыз дерекке негізделсе керек.

Дұрысы: ұзақ жылғы ізденіс, көп машақатпен зорға дегенде алдырылған Жаншаның төңкеріске шейін толтырылған жеке ісінде жоғарыда келтірілген мәліметтер болып табылады» [4].

Зерттеуші Т.Қажыбай «Алаштың ардақты азаматы еді» мақаласында былай жазады: «Ол 1887 жылы Орал облысы Жәмбейіт болысына қарасты № 1 ауылда малмен күнін көрген Досмұхамедтің отбасында дүниеге келді. Жәмбейіттегі екі кластық ауылдың орыс-қазақ мектебін тәмамдап, Оралдағы әскери училищенің даярлық класына, артынан, яғни 1899 жылы оның толық құқықты оқушысы болып қабылданды. Бұл училищені қалай тамамдағаны жөнінде материал табылған. Онда шәкірттің «сызу» мен «француз тілі» пәнінен, басқа он шақты пәнді «4» пен «5-ке» оқығандығын аңғарамыз. Сондай-ақ Мәскеудегі Император университетін бітіргендігі жөніндегі дипломы да сақталған. Жаншаға азаматтық құқық, қылмыстық құқық, мемлекеттік және әкімшілік құқық, сондай-ақ шығармадан кілең «5-ке» тапсырғандығы үшін I дәрежелі диплом табыс етілген. Осы құжатқа қарап, Жаншаның Санкт-Петербург университетін бітірген деген пікірдің жансақтығын аңғарамыз.

Қыр баласына Мәскеуде оқу, өзін асырау, пәтеракы төлеу, оқулықтар сатып алу оңайға түспегендігі өзінен өзі түсінікті. Әйтсе де білімге деген зор іңкәрлік оны алған бетінен қайтара алмаған. Оның сыдырғы ашқұрсақ болып жүрсе де оқуына Орал облыстық земствоның босатқан қаржысы өз септігін тигізді. Осы қаржының өтеуі үшін ол күні ертең Оралда қызмет етуге тиіс болатын. Бірақ үздік оқығандықтан, Жанша бұл міндеттен босатылды [5].

В.Ғайнуллина жоғарыда келтірілген мәліметтерді былай толықтырады: «Оның туған жылы жөнінде әр түрлі деректер айтылып келді. Ал негізгі құжатты дерек — Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағатынан алынған № 424-інші Тергеу хаттамасы. Бұл хаттама 1930 жылдың желтоқсанында Ж.Досмұхамедовтің өз қолымен толтырылған. Онда Жаһанша: «Мне 43 года», — деп жазған. Жылдармен салыстыра есептегенде, оның туылған жылы жоғарыда аталған жылға сәйкес келеді. Ал Халел Досмұхамедовтің қызы Қарашаш Халелқызының айтуына қарағанда, оның туған күні 28 маусым болса керек» [1; 16].

XX ғасыр басында еліміздің барлық өңірінде жаппай орын алған белсенді ұлт-азаттық қозғалыс легіне араласқанға дейін, Жаһанша Досмұхамедов патшалық сот органдарында қызмет атқарып, маңызды мемлекеттік іспен шұғылданған. 1910 жылы университет бітіріп, Орал облысына келген соң, Орал аумақтық сотының жанындағы сот лауазымына үміткер ретінде қызмет атқарып, бітімгершілік соты және қылмыстық бөлім хатшысы көмекшісінің міндеттерін орындаған. 1912 жылдың жазында Барнаул уезінің 10-учаскесіндегі бітімгершілік сотының міндеттемелерін орындау үшін іссапарға шығып, кейін Омбы сот палатасына аға үміткер ретінде ауыстырылды. 1913 жылы аталған лауазым бойынша Змеиногорск уезінің 1-учаскесіне және осы жылдың күзінде Барнаул қалалық прокуратура органдарына шақырылып, 1914 жылдың наурыз айында Каин уезі бойынша Томск округтік сотында прокурордың орынбасары қызметіне тағайындалды. Осы міндетті атқарып жүріп, ол әділет генералы шенін иеленді [6; 5].

1915 жылғы «Памятная книга Томской губернии» («Томск губерниясының естелік кітабы») атты кітапқа Томск губернаторының нұсқауымен губернияның көрнекті қайраткерлерінің аты-жөні енгізілген. «Прокурорлық қадағалау» бөлімінде Ж.Досмұхамедұлының да есімі тұр.

Ресей заңдарын терең білуі, адалдығы мен шынайылығы арқасында қазақ заңгер өзі жүрген ортада өте танымал болды.

Жаһаншаның мықты заңгер екенін өз отандастары да жақсы білетін. Мысалы, Гурьевте (Атырау) атышулы сот процесі тағайындалған кезде танымал, белді заңгер Б.Қаратаев адвокат болуға өз келісімін беріп, прокурор ретінде заңдылықты қамтамасыз ету үшін Томск қаласына Ж.Досмұхамедұлы үшін арнайы хабарлама жолдаған [7; 20].

Жанша Досмұхамедов қазақ жұртынан шыққан тұңғыш прокурор болды. Көп зерттеулерде Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтер есімдері қатар аталады. Олар бір-біріне ағайын адамдар емес. Өзара мүдделестер, бір мақсат-идея мен ой-пікірдегі адамдар болған.

#### *Жаһаншаның саяси күреске бел байлауы*

1917 жылдың атышулы Ақпан төңкерісінен бастап Ж.Досмұхамедов саяси іске батыл араласады. Сол жылдың сәуірінде Жанша Орал облыстық атқару комитетінің төрағасы Ғұбайдолла Әлібековтің шақыруымен осы өлкеге келеді.

19–22 сәуір аралығында Орал қаласында облыстық Қазақтардың бірінші съезі өтті. Съезге 800 делегат қатысты. Съезд өз жұмысына тыңғылықты дайындықпен келді. Атқарушы комитет пен Ұйымдастыру бюросы съезге дейін Уақытша облыстық қазақ комитетін құрды. Оның төрағасы болып Ғұбайдолла Әлібеков тағайындалды.

Съезді Ғ.Әлібеков құттықтау сөзбен ашып, съездің төрағасы және оның екі орынбасары мен үш хатшысын сайлауды ұсынды. Төраға болып Жаһанша Досмұхамедов, орынбасарлары болып Ғ.Әлібеков пен А.Қалменов, ал хатшылыққа Ғ.Жетпісов, Х.Ахметшин, Н.Арғыншиев сынды азаматтар сайланды.

Ғ.Әлібековтың ұсынысымен съезд жұмысы күн тәртібінің алғашқы үш мәселесін: мемлекетті басқару түрі; Уақытша үкіметке қарым-қатынас; соғысқа көзқарас туралы мәселелерді талқылады. Делегаттар монархияны түпкілікті құртуды қолдап, «демократиялық республика идеясы, ұлттық-территориялық федерация мәселесін басы ашық мәселе ретінде кейінге қалдыруды» ұсынды. Съезд Уақытша үкіметті «жарияланған бағдарламаны іске асыру және демократиялық мүдделерді қорғау бағытында қызмет атқарған жағдайда ғана қолдайтынын» ескертті. Уақытша үкіметтің соғыс жөніндегі көзқарасы көпшілік жағынан қолдау таппады [8; 179].

Съездің үшінші күнгі жұмысында Халел және Жаһанша Досмұхамедовтердің қазақ облыстарын басқаруды қайта құру және «Орал облысының далалық бөліктерін басқарудың уақытша ережесі» туралы баяндамасы талқыланды. Онда ауылдар мен болыстар, уездер, облысты басқару мен билік органдарының құрылуы және қызметі туралы нақты нұсқаулар 100-ден астам тармақтар мен ережелерде көрсетілді. Құрылым тармақтарын жан-жақты талқылау нәтижесі билік органдарының міндеттері мен басқарудың ең күрделі мәселелерін шешіп, өзін-өзі басқарудың қажет екендігі

дәлелденген. Екінші жағынан, бұл автономия құруға дайындық жұмыстарының бастамасы болатын [8; 180].

Жаһаншаның ұсынысы бойынша, облыстық съезд мынадай шешімдер қабылдады [9]:

1. Ресей халықтарын құлдықта, қараңғылықта ұстаған монархия жойылсын.
2. Ресейде демократиялық республика орнату идеясын түгел қуаттай отырып, қазақ халқына ұлттық-территориялық автономия беруді талап ету.
3. Қазақ жеріне келімсектерді жіберуді тоқтатып, жерді қазақтарға қайтару.
4. Бұрынғы бюрократтық-әкімшілік жүйесі жойылып, оның орнына қазақ жерінде халық сайлаған өкілетті комитеттер құру.
5. Халық ағарту ісін қанағаттанғысыз деп тауып, мұғалімдер съезін өткізу. Оралда гимназия бағдарламасы негізінде қазақ балаларына арнайы оқу орнын ұйымдастырып, оны қазақ қаражатына салынған бұрынғы кәсіптік мектептің үйіне орналастыру белгіленсін.
6. Қазақ тілінде газет, кітапшалар шығару шаралары жүзеге асырылсын.

Съезде облыстың қазақ комитетінің құрамына мыналар сайланды: Ж.Досмұхамедов, И.Танберменов, Х.Тасымов, Т.Сыпырболиев, И.Мұқанов, Д.Сәрсенбаев, Ғ.Әлібеков, Д.Күсіпқалиев, Б.Жанқадамов, Р.Қаржаубаев, Д.Жұлтызов, Х.Досмұхамедов, И.Топтаев, И.Әбенев, К.Жәленов, Ғ.Есенғұлов, С.Қаратілеуов, Б.Жұмағалиев, С.Омаров, Б.Тілепов.

Съезд халық арасындағы беделі жоғары қайраткерлер — заңгер Ж.Досмұхамедов, дәрігер Х.Досмұхамедов және заңгер Ғ.Әлібеков сынды азаматтарды Жалпыресейлік Мұсылман съезіне Мәскеуге делегат ретінде жіберетін болып шешті.

Ж.Досмұхамедов Жалпыресейлік Мұсылмандар съезінде ерекше белсенділігімен көзге түсті. Ол мұсылман істерін басқаратын «Шуро-и-Ислам» комитеті төрағасының орынбасарлығына сайланды. «Шуро-и-Ислам» ісімен Мәскеуде біраз болды.

Жаһанша 1917 жылы жазда және желтоқсанда өткен I және II Жалпықазақ съездеріне Орал қазақтары атынан делегат болып қатысып, соңғы съезде Алашорда үкіметіне мүше, «Шуро-и-Исламға» II Жалпықазақ съезі атынан өкіл болып сайланды.

Тарихи деректер сыр шерткендей, II Жалпықазақ съезінде автономияны жариялау төңірегінде болған қызу айтыстарда Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер бірден қазақ автономиясын жариялауды талап еткен батыл ұстанымда болды. Ә.Бөкейханов Қазақстанды мекендейтін орыстардың еркін білмейінше автономияны жариялауды кідірте тұрудың қажеттігін айтады. Дегенмен, ұлттық, халықтық мүддені жеке басының саяси ұпай жинауынан жоғары қойған Ә.Бөкейханов басқарған съезд делегаттары «Алаш» автономиясын жариялауға байланысты ортақ келісімге келеді.

#### *Алашорданың Батыс бөлімінің құрылуы*

1918 жылы 1 сәуірде Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер Мәскеуге барып, Орталық Кеңес үкіметінің басшысы В.И.Ленинмен және Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинмен кездеседі. «Алашорда» атты ұлттық автономиялық үкімет құрылғанын, «Алашорда» үкіметінің төрағасы Ә.Бөкейханов екенін мәлімдейді. Бірақ «Алашорда» мемлекетінің қойған талап-тілектерін Орталық Кеңес үкіметі толықтай мойындамайды.

Осынау аласапыран заманда Алаш арыстарының ішінде дербес мемлекет құру ісін барынша жедел қолға алып, қалған мәселелер сол мемлекет шеңберінде шешілуі тез болады деген пікір ұстанған азамат — ол кәсіби заңгер Жанша Досмұхамедов болатын. Сондықтан да Мәскеуден қайтып оралған бойында Жаһанша мен Халел қазақтың Батыс аймағын басқаратын үкімет құруға кірісті. «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметі — XX ғасырдың басында Жайық өңірінде орнаған мемлекеттік-автономиялық құрылым болды. Ол 1918 жылдың мамыр айының соңында Жымпитыда өткен IV Орал облыстық қазақ съезінің қарарымен құрылды.

Ешкімге бағынышты болмаған сол тұңғыш Қазақ үкіметінің құрамы төмендегідей болды:

1. Үкімет төрағасы — Жанша Досмұхамедұлы, Премьер-министр және әскери істер министрі қызметін атқарды.
2. Үкімет мүшелері: Халел Досмұхамедов — төрағаның орынбасары; Дәулетше Күсепқалиев — Үкімет кеңесін басқарды; Жанқожа Мергенов — Ішкі істер министрі; Салық Омарұлы (Сырым батырдың ұрпағы) — жер шаруашылығы министрі; Хазірет Сағидолла Ізтілеуов — Рухани істер министрі; Иса Қанжасаров Қаржы министрі қызметін атқарды [10].

Сөз жоқ, қазақ жеріндегі Алаш қозғалысының тарихында «Ойыл уәлаятының» Уақытша үкіметінің алатын орны ерекше. Мемлекеттіліктің алғашқы нышандарын белгілеп, оны қалыптастыруға ұмтылыс жасаған жас ұлттық үкіметтің жан-жақтан анталаған сыртқы және ішкі саяси қарсыластарына төтеп беруі оңайға түспеді. Бір жағынан, Кеңестік үкіметтің саяси қыспағы, екінші — казактардың ала шапқын шабуылы елдің бейбіт жолмен өз тағдырын айқындауына мүмкіндік бермеді. Бірақ ұстанған негізгі тұғырнамасы Әлихан Бөкейханұлы бастаған Алашорда үкіметінің идеясымен ұрандас болған Жанша Досмұхамедұлы, Халел Досмұхамедұлы, Дәулетше Күсіпқали сияқты және т.б. қазақ зиялылары ұлттық мемлекет ретінде автономиялық дербестік алу бағытындағы қажырлы күресін тоқтатпады. Олардың ұстанған саяси бағыты тұтастай сол Батыс өңірінде алаштық қозғалыстың толқуына түрткі болды. 1918 жылы мамыр айында құрылып, бар-жоғы төрт айдай ғана өмір сүрген Ойыл алашордалық Уақытша үкіметі алдына қойған мақсатын толықтай орындап шығуға мүмкіндігі жетпесе де, мемлекет ретіндегі құрылымдарын айқындады, шекарасын белгіледі, құрамына отыз қазақ болыстарын кіргізді, өзінің рәмізі — жасыл түсті, жарты ай белгісі бар туы болды. Жымпитыда земство банкіні ашып, өз ақшасын шығаруға талпыныс жасады. Өз органы «Еркін қазақ» газетін шығаратын баспаханасы жұмыс істеді. Өзінің әскерін құрды.

Ж.Досмұхамедов қазақ офицерлерін дайындауға көп көңіл бөлді. Жымпиты мен Ойыл жерінде қазақ жастарына арнап орта білім беретін оқу орнын ашты. Оған Ресей әскері қатарындағы орыс офицерлерін оқытушы ретінде жұмысқа шақырды. Ресейлік үлгіде ашылған Ойыл юнкерлер мектебі, Жымпиты прапорщиктер мектебі болды.

1918 жылы 11–14 қыркүйекте тарихта «Уфа Директориясы» деген атпен қалған кеңес шақырылды. Ол Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелерінің, Уақытша Сібір үкіметі өкілдерінің, Орынбор, Орал, Сібір, Иркутск, Жетісу, Енисей, Астрахан казак әскерлерінің, Башқұрт, Алаш, Түркістан үкіметтерінің, бірқатар саяси партиялар өкілдерінің басын қосты. Жиында Уфа Директориясының құрылуына байланысты Ресейде бір орталықтан басқарылатын биліктің құрылатындығы және автономиялық басқаруды тоқтату жөнінде шешім қабылданды. 1918 жылы 4 қарашадағы осы органның арнайы грамотасында барлық облыстық үкіметтердің қызметтері тоқтатылатыны, оның ішінде «1-Алаш үкіметі — Алашорда өз қызметін тоқтатты» деген қаулы шығарылған. Осылайша Кеңес үкіметіне қарсы күштердің басын қосқан Уфа Директориясы өзінің шешімімен Алашорданың қызметін тоқтатты [8; 196].

Уфада өткен шұғыл мәжілістің шешімімен Алаш автономиясының Батыс өлкелерін басқару үшін «Ойыл уәлаятының» орнына Алашорданың Батыс бөлімі құрылды. Оның жетекшісі Ж.Досмұхамедов болды. Бұл мәселе бойынша: «Әскери жағдай мен жол қатынасының нашар дамуына байланысты Алаш автономиясының Батыс бөлігін басқару үшін Алашорда бөлімі құрылады», — деп көрсетілді. Батыс бөлім құрамына: Орал облысы, Бөкей Ордасы, Маңғыстау уезі, Торғай облысының Ақтөбе, Ырғыз уездері кірді. Алашорданың Шығыс бөлімінің орталығы Семейде орналасты.

Алашорда үкіметінің кейінгі тағдыры бүкіл Ресей аумағын қамтыған азамат соғысының күрделі оқиғаларымен тығыз байланыста өрбіді. 1919 жылы олар Колчак үкіметінің (Бүкілресейлік Уақытша үкімет) ықпалында болды. Бірақ Колчак үкіметі де Алашорда жетекшілерінің автономия құру жөніндегі үмітін ақтамады. Керісінше, адмирал Колчак монархиялық билік орнату идеясын көтере бастаған еді. Осылайша қазақ зиялылары өте күрделі жағдайда қалды [8; 196].

Бұған қоса Кеңес басшылығының Алашорда мүшелеріне сенімсіздік танытатыны анық болды. Сөйтіп, Фрунзенің ұсынысымен Батыс Алашорда басшылары халықтан оқшауландырылып, Жанша бастаған бес адамнан тұратын топ Мәскеуге жөнелтілді. Алашорда бөлімшесі таратылып, оның жетекшілері біраз уақыт қазақ даласынан аластатылды.

#### *Ж.Досмұхамедұлының 1920 жылдан бастап атқарған жұмыстары*

Батыс Алашорда бөлімшесі таратылғаннан кейін, Жаһанша 1920 жылы жаз айларында Мәскеуде Бас тоқыма өнеркәсібі басқармасында инспектор болып, қыркүйек айында аталған мекеменің жолдамасымен Ташкентке жіберіліп, Түркістан Республикасы Халық шаруашылығы Орталық кеңесінің бөлім меңгерушісі болады.

1922–1925 жылдары ол Ташкентте қазақ зиялылары құрған мәдени-ағарту «Талап» қауымдастығына мүше болып, оның тапсыруымен қазақ тілінде алғашқы Қылмыстық кодекс жобасын әзірледі. РСФСР Қылмыстық кодексін 1924 жылы «РСФСР-дың жауыздық нызамнамасы»

деген атпен қазақ тіліне аударды. Бұл аударма 1000 данамен жарық көріп, оған Міржақып Дулатов сыни пікір жазды [3; 277].

1926 жылы Ж.Досмұхамедұлының басшылығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «РСФСР-дың Қылмыс заңы» мен «Қылмыс тексеру заңы» аудармалары жарияланды.

1927 жылдың қараша айы мен 1929 жылдың аралығында Ж.Досмұхамедов Қызылорда қаласында ауыл шаруашылығы банкінің заң кеңесшісі болып, 1928 жылы адвокат қызметін атқарды.

Қызылорда облысының мұрағат және құжаттама бөлімінен табылған құжаттарда Қызылорда округтік халық сотының қорынан 1927 жылдың желтоқсан айында Ж.Досмұхамедұлына сенімхат берілгендігі көрсетілген. Оған сәйкес Қазақ КСР халық шаруашылығының Орталық Кеңесі заң кеңесшісі Досмұхамедов Жаһанша Досмұхамедұлына келесідей өкілеттілік берілген: аталған ұйымның атынан барлық сот отырыстарында талапкер және жауапкер ретінде шығу, істерге үшінші тұлға ретінде қатысу және іске үшінші тұлғаларды тарту, талап арыз ұсынып, соттан қамтамасыз етуін сұрау, актілердің шынайылығына күмән келтіру, жалғандығы туралы наразылық білдіру немесе дауласу және мұндай талаптар мен арыздарға жауап беру, айып тағу және мұндай істер бойынша жауап беру, сот отырыстарында Қазақ КСР халық шаруашылығының Орталық Кеңесінің істерін қорғау және т.б. [7; 20].

1929 жылы Жанша Алматыға келіп, мамандығы бойынша жұмыс жасайды. Ал 1930 жылдың ақпан айында жұмыс бабымен Мәскеуге ауыстырылып, бірінші қамауға алынғанға дейін жұбайы Ольга Константиновнамен сонда тұрады.

#### *Жаһаншаның Кеңес үкіметі ұйымдастырған саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болуы*

Қай заманда болмасын, бір халықты бағындыру, мойынсындыру үшін қолданылған ең тиімді тәсілі — оны басты қалдыру болатын. Ең бірінші кезекте оның көсемдерін, оқымысты білгірлерін құртуға тырысады. Қаймағын сыпырып алған сүттің тез ашып, іритіні белгілі.

Бұл туралы профессор Е.С.Қуандық «Қазақстан тарихы» атты құнды еңбегінде былай ой өрбітеді: «Қазақстанда осы бағытта жүргізілген саяси қуғын-сүргін үш толқын болып өтті. Бірінші толқын қазақ зиялыларының ең жетекші тобын, әсіресе, Алаш қозғалысының көсемдерін жалмады...

Қуғын-сүргіннің бірінші толқынының екінші иірімі 1930 жылдың күзінде болды. Бұл жолы тағы 40 қазақ зиялысы ең әуелі Абайдың немере інісі Кәкітайдың баласы Даниял Ысқақов, Уәлихан Омаров, Алдарбек Үмбетбаев, дәрігер Жұмағали Тілеулин, атақты қайраткер жол инженері Мұхаметжан Тынышбаев, әйгілі заңгер Жақып Ақбаев, Мұхтар Мурзин, Сейітказы Қадырбаев, Әбдіхамит Ақбаев, Әшім Омаров, Батыс Алашорда басшылары Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов, Мұстафа Бұралқиев, биолог, ғалым Жұмахан Күдерин, жазушы Қошқе Кемеңгеров, Нәзір Қожамқұлов, Біләл Сүлеев, Әбдірахман Мұңайтбаев, ең соңында қазақтың тұңғыш математика саласының профессоры Әлімхан Ермеков абақтыға қамалып, олардың 15-і түрлі мерзімге жер аударылды. Әлімхан Ермеков пен Мұхтар Әуезов үлкен көрегендік жасап, «Ашық хат» жазып құтылды» [11].

Ж.Досмұхамедов 1930 жылдың 30 қазанында Мәскеу қаласындағы «Мал шаруашылығы» басқармасында аға экономист қызметін атқарып жүргенде «Алаш» партиясы және бұрынғы Алашорда үкіметінің мүшесі ретінде Қазақ КСР БСМБ (ОГПУ) органдарымен қамауға алынып, Бутырка түрмесіне жіберілді. Кейін Алматыға ауыстырылды.

Анықталған процессуалдық құжаттардың, алдын ала тергеу кезіндегі беттестіру, жауап алу хаттамалары негізінде, Ж.Досмұхамедов өзінен жауап алу барысында өзін кінәлі деп мойындамады және контрреволюциялық ұйымның мүшесі болмағанын, және ешқандай контрреволюциялық жұмыстармен шұғылданбағанын мәлімдеді. Контрреволюциялық ұйымның мүшелерімен өзінің байланысын жоққа шығарып, мұндай ұйым туралы естімегенін, Кеңеске қарсы үгіт насихат жүргізбегенін атап көрсетті.

1930 жылдың 5 қарашасындағы Ж.Досмұхамедовтен жауап алу хаттамасында ол: «Мен Мәскеуден Ташкентке 1920 жылдың қазан айында келдім. Бұл жылы және 1921 жылы да Ташкенттегі қазақ жиындары туралы білмеймін. 1922 жылдың көктемінде, кешкі мезетте «Ақ жол» газетінде жұмыс жасайтындардың бірі, кешкілікте «арқалық» қазақтары (яғни, солтүстіктің қазақтары) бір іс жөнінде әңгімелесу үшін жиналатынын айтты. Қандай іс туралы деген менің сауалыма барған соң білетіндігім туралы айтты. Сол күні менің үйіме 7–10 қазақ азаматтары келді, олардың кейбірі есімде, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, Бірімжанов секілді, ал қалғандары есімде жоқ. Келгендер «Алаш» қазақ қайраткерлерінің бұрынғы бағдарламасы ешкіммен қабылданбағанын, уақытылы жасалмағанын және жасау қажеттігін, саяси сауалдарға қатысты бұрынғы Алашорда қайраткерлерінің рәсімделген саяси

пікірі болғанын айтты. Мен ашық түрде мұндай қайта өңдеуге қарсылығымды білдіріп, біріншіден, біз, алашордалықтар, саясаттың жекелеген сауалдары бойынша әр түрлі саяси көзқараста екендігімізді, бұрын бізді тек ұлттық белгілеріміз біріктіргенін және қазір біздер саяси жағынан нөл, сондықтан да аталған мақсатсыз бағдарламаны жасау төтенше органдар тарапынан тек жағымсыз салдар алып келетінін жеткіздім.

Алайда, саяси келбеттің қажеттігі туралы қызу пікірлерден соң, бағдарлама жобасы жасалып, бұрынғы Алаш Орданың қайраткерлерімен келісуге Орынборға жолдау үшін оны «Ақ жол» газетінің жұмысшылары алып кетті.

Кейін, мен Түркөндіріскенестің жұмыстарымен Пржевальскіге (Қаракөл) іссапармен кетіп қалдым, Ташкентке үш айдан соң, көктемде келдім. Іссапарда болған мезетте менің балдызым, Надежда Константиновна, Т.Рысқұловқа тұрмысқа шыққан. Т.Рысқұлов Ташкентке Түркістан Республикасы Халық Кеңесі комиссариатының төрағасы ретінде келген. Екеуміз жақсы араласып, жиі кездестік. Сол мезеттен бастап, жоғарыда аталған тұлғалардың қызметі, бағдарламамен не жасағандығы туралы білмеймін. Қызылордада мен олармен аталған бағдарлама туралы сөйлеспедім, олардан мүлдем алыстап, өзімнің кәсібіммен шұғылдандым. Бұл жәйттерді алғашқы жауап алу барысында хабарламау себебім, біріншіден, менің көзқарасым бойынша, аталған әрекетті «еріккен сарт... укалайды» деген қазақ мәтелімен сипаттауға болады. Екіншіден, маған өзге фамилияларды атау қиын болды. Мен КСРО-да Кеңестік билікті төңкеретін күш бар екендігіне бұрын және қазір де жол бермегенмін, және бермеймін де, ешқашан Кеңес билігіне қарсы шыққан жоқпын, және қазір он жыл бойы өзімнің кәсібім бойынша адал әрі шынайы жұмыс жасаудамын», деп айтқан [6; 5].

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағатынан алынған құжат 1932 жылдың желтоқсанында Алаш ардагерлеріне (Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтерге) мынандай үкім шығарылғанын дәлелдейді:

- бастапқыдағы ату жазасы Воронежге жер аударумен алмастырылады;
- Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтер Воронеж жеріне отбасыларымен жер аударылады.

Бұл туралы мына анықтамадан көз жеткізуге болады. Ж.Досмұхамедов туралы ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша Департаментінен 24 шілде 2001 жылы алынған құжатта: «В Департаменте КНБ РК по г. Алматы и Алматинской области хранится архивное дело № 06610 производства 1930–1932 годов, по которому проходят бывшие члены партии «Алаш» и Алашордынского правительства, в том числе и Д.Досмұхамедов. Все следственные материалы дела касаются «контрреволюционной» деятельности обвиняемых в 1918–1920 годах...

... Проживая в г. Москве и работая в Центральном правлении «Скотовод» старшим экономистом, 30 октября 1930 года был арестован и Постановлением Тройки при ПП ОГПУ в Казахстане от 20 апреля 1932 года по ст. ст. 58–7–8–11 и 59–3 УК РСФСР осужден к заключению в концлагерь на 5 лет с заменой, высылкой в Центральную Черноземную область в г. Воронеж на тот же срок» [1; 16].

1935 жылы 17 тамыз күні Воронеж облыстық Ішкі істер басқармасының бөлім бастығы Булатов төмендегідей шешім шығарды:

«Мен, УВД УНКВД-нің І-бөлімінің Воронеж облысы бойынша бастығы Булатов, жер аударылып келген, 1887 жылы туған, бай семьядан шыққан, Досмұхамедов Жаһаншаның үстінен қозғалған № 3400 жеке істі қарап шықтым.

Ол:

- 1) 21-жылға дейін астыртын контрреволюциялық ұйымға қатысқаны және ұйым бағдарламасын жасап, оған жаңа мүше тартқаны үшін;
- 2) ұлтшыл ұйымның жетекшісі ретінде басмашылардың бастығымен байланыс жасағаны және 27-жылы Әділев басқарған бандыларға қолдау көрсеткені үшін;
- 3) 28-жылы Қазақстандағы жер саясатын бұрмалауға белсенді түрде қатысып, шаруашылығы тәркіге ұшыраған байларды қолдағаны үшін — ПП ОГПУ-дің қаулысымен РСФСР-дің ҚК-нің 58–10–11, 53-баптары бойынша Қазақстанда 20.IV. — 32-жылы түрмеге қамалған.

Көрсетілген қылмыстары бойынша 5 жылға концлагерге жер аударылған, 30-жылдың 31-қазанынан бастап есептелетін концлагердегі кесімді мерзімі аяқталды, бірақ та Қазақстанға қайтқысы келмейді. Мәскеуде жұмыс істейтін бауыры Макешевтің қасына орналасқысы келеді. Жаһанша Досмұхамедовтің жер аударылуға кесілген мерзімінің 35-жылы 31-қазанда аяқталатынын және осы уақыттың ішінде ешқандай қылмыстық әрекетінің байқалмағанын ескере отырып, мерзімі біткеннен кейін Жаһанша Досмұхамедовтің ссылқадан босатылатынын хабарлаймын» [12].

Бір қызығы, воронеждік тергеушінің мәліметіне қарағанда, Алаш азаматтарының үстінен қозғалған қылмысты істің мазмұны мүлдем өзгеріп, Ж.Досмұхамедов «басмашылардың бастығымен байланыс жасап», «бандының бастығы Әділевтің өзін» қолдаған болып шыға келген. Ал тергеу істерінде Ж.Досмұхамедовтің Д.Әділевке мүлдем қатысы жоқтығы көрсетілген еді.

### Түйін

«Біздің мақсатымыз — ел билеуді халықтың өз қолына беру, қазақ халқы автономияға ие болып, алдағы уақытта тағдырын өз қолына алады. Қалың қазақты аяусыз қанаған патша орнынан түсті. Ендігі жерде қазақты елдің тұрмысын, тілін, мінез-құлқын, әдет-ғұрпын білетіндер ғана басқарады. Осыған байланысты қалай болғанда да біз Ресейден автономия алуға тиістіміз», — дегенді айтқан Жаһанша айдау мерзімін өтеген соң, 1938 жылдың 1 маусымында Мәскеу облысы бойынша КСРО ПХК басқармасының (НКВД) органдарымен қайтадан қамауға алынды.

Сол жылдың 16 шілдесіндегі Мәскеу облысы бойынша ПХК басқармасының (НКВД) жанындағы Үштіктің шешімімен Жаһанша Досмұхамедовке жеке өзіне тиесілі мүлкі тәркіленіп, ату туралы үкім шығарылды. Үкім 1938 жылдың 3 тамызында орындалды [6; 5].

Осынау жазаның жоғарғы шарасы жайындағы үкім негіздемесінде Жанша Досмұхамедұлы «жер аударудан 1935 жылы Мәскеуге оралған бойда» «контрреволюциялық ұйым» мүшелерімен байланысын қалыпқа келтірді, «халық жауы Рысқұловпен тығыз байланыста болды» деп айыпталды.

«Үлкен террордан» жиырма жыл өткенде, Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер бойынша арнайы комиссиясы 1958 жылғы 28 ақпандағы ұйғарымымен Жаһанша Досмұхамедовті өзге де алашордашылармен бірге ақтап шықты. Алайда оның адал есімі қоғам өміріне қайтарыла қоймады. Тағы отыз жылдан кейін, 1988 жылғы 4 қарашада, оны Қазақ КСР Жоғарғы Соты басқа алашордашылар қатарында тағы да ақтады.

Содан бері бұл қайраткердің күрескерлік жолына зерттеушілер едәуір мән беріп келеді. Әсіресе бұған себепкер болған жайт — ол «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі № 2200 Заңының негізінде Жаһанша Досмұхамедовтің саяси қуғын-сүргін құрбаны ретінде толық ақталуы.

### References

- 1 Gaynullina V. *Zhakhansh Dosmukhamedov // Gave Kal's exchanges*, 2008, June, 13, p. 16.
- 2 Isayeva B. *Solemn evening in honor of one of Alash's leaders // Anna түлү*, 2012, № 48 (1149), November, 29-December, 5, p. 3.
- 3 *Kazakhstan. National encyclopedia: Vol. 3 / Editor-in-chief A.Nysanbayev*. — Almaty: Kazakh encicl.: home edition, 2001, 720 p.
- 4 Yeskendirula (Abdeshev) M. *Ministers «Alash Ordy»*, Almaty: Altynbek Sarsenbayula's fund, 2008, p. 22.
- 5 Kajibai T. *On was the prominent representative of the movement «Alash» // I ate*, 2007, № 34 (110), August, 23, p. 5.
- 6 Mazhitov R. *The prosecutor accused as «Enemy of the people» // Egemen Kazakhstan*, 2012, July, 18, p. 5.
- 7 Mazhitov R. *From the general of justice to «The enemy of the people» // The Three-copecks piece the Horde*, 2012, № 7, February, 16, p. 20.
- 8 Cannes G.V., Shayakhmetov N.U. *History of Kazakhstan: Textbook*, Almaty: Almatykitap, 2007, 264 p.
- 9 Kurmanalina Sh. *Zhakhansh // Akikat*, 2009, № 2, p. 51.
- 10 Azizula M. *Nice son Alasha // Kazakh*, 2012, № 48 (614), November, 30, p. 8.
- 11 Kuandyk E.S. *History of Kazakhstan. (Soviet period and years of Independence of Kazakhstan): Textbook*, Almaty: Daur, 2012, p. 310, 311.
- 12 Jurtbai T. *The ominous period of mass political repressions. (About Hael and Zhakhansh Dosmukhamedovs) // Zhalyn*, 2011, № 8, p. 68.

Р.С.Каренов

## **Руководитель Западной части Алашорды, видный общественный деятель Жаханша Досмухамедов**

В статье приведены биографические данные известного политического деятеля Жаханши Досмухамедова. Подчеркнуто, что в начале двадцатого столетия он стал ярким представителем казахской интеллигенции. Отмечено, что движение «Алаш» и деятельность его видных представителей, среди которых особое место занимает Ж.Досмухамедов, оставили заметный след в истории Казахстана. Доказано, что, возглавив «Алаш» на Западе Казахстана, Досмухамедов стал лидером наиболее передовой части казахского общества. Сделан вывод, что деятельность Ж.Досмухамедова в рамках движения «Алаш» явилась заметным общественно-политическим явлением в истории казахского народа, в его стремлении к национальной государственности.

R.S.Karenov

### **The eminent public figure who has headed the movement «Alash» in the West Zhahansha Dosmukhamedov**

Biographic data of the known politician, Zhahansha Dosmukhamedov are described. It is emphasized that at the beginning of the twentieth century he became the bright representative of the Kazakh intellectuals. It is noted that the movement «Alash» and activity of his prominent representatives among which the special place is occupied by Z.Dosmukhamedov, left a noticeable trace in the history of Kazakhstan. It is proved that having headed «Alash» in the West of Kazakhstan, Dosmukhamedov became the leader of the most advanced part of the Kazakh society. The conclusion is drawn that Z.Dosmukhamedov's activity within the movement «Alash» was the noticeable political phenomenon in the history of the Kazakh people, in its aspiration to national statehood.

ӘОЖ 94 (574)

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: karenov\_r@inbox.ru)*

### **Алаш қайраткері Қошке Кемеңгерұлының ұлтты дамыту жолындағы ізденіске толы қызметі**

Алаш қозғалысының көрнекті өкілі — Қошке Кемеңгерұлының өмірі мен қызметі бейнеленген. Жақсы білім алған, оның педагогикалық және журналистік қызметін атқарғаны, белгілі тарихшы, әдебиетші, қоғам қайраткері болғаны көрсетілген. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін оның Омбыда мәдени-ағартушылық мәселелерімен шұғылданған жастар ұйымының құру бойынша қызметі бөлек сипатталған. Қ.Кемеңгерұлының Дала өлкесінде мемлекеттік билік ұйымы ретінде рәсімделуге мәжбүр болған жаңа тарихи жағдайдағы Алаш қозғалысының белсенді мүшесі болғандығы жайлы баяндалған. Оның 1920–1929 жылдар аралығындағы Алаш қозғалысының көшбасшыларының бірі ретіндегі көп қырлы шығармашылық және қоғамдық жұмысы талданған. Байырғы ұлттық зиялы қауым қудалауға ұшыраған және оның көп бөлігі жойылған 1930 жылдардағы Қ.Кемеңгерұлының өмірінің соңғы жылдары жан-жақты зерттелген.

*Кілтті сөздер:* қайраткер, дамыту, үлес, қаламгер, Алаш, ғылым, зерттеу, қызмет, еңбектер, мұра.

#### *Kipicne*

Білім мен білікке ұмтылған Алаш қайраткері Қошке (Қошмұхамбет) Дүйсебайұлы Кемеңгерұлы 1915 жылдан бастап 1930 жылға дейін үзіліссіз ұлт әдебиетіне, тарихына, драматургиясына, журналистикасына, ғылымына айрықша үлес қосты. Осы уақыт аралығында ол өз қатарластарымен бірге отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күреске қатысты. Оның сан-салалы ізденіске толы ұлтты